

"Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 288/НҚ бұйрығы.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 15.09.2022 № 327/НҚ бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетін құру және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 765 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Электрондық үкіметті" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты бекітілген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 31 қазандагы
№ 288/НҚ бүйрүгімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілген қызметтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 15.09.2022 № 327/НҚ бүйрүгімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілген қызметтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік көрсетілген қызметтер саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомствоны болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитетке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет тәрағасының бүйрүктарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 55/5.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэрофарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен, жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда бұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету және "электрондық үкімет" саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету және "электрондық үкімет" саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

5) өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдайды және қарайды;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын ақпаратты жария етпейді;

6) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізеді;

7) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдар (жұмыс топтарын, комиссиялар, кеңестер) құру жөнінде ұсыныс енгізеді;

8) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, үйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

9) Комитеттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер дайындауды;

10) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдарына бұл туралы ресми саяулар жолданған жағдайда өз құзыretі шегінде және заңнама шенберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсынады;

11) Комитеттің балансындағы мемлекеттік менишіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттемелерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

1) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын әзірлеу;

2) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын және оған қойылатын техникалық талаптарды әзірлеу;

2-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша интернетке қол жеткізуін бірыңғай шлюзінің және "электрондық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу;

3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді алу үшін ұялы байланыс операторы беретін абоненттің абоненттік нөмірін тіркеу және оны "электрондық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосу қағидаларын әзірлеу;

4) көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру тәсілін айқындау үшін электрондық нысандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сыйнаптау қағидаларын әзірлеу;

5) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы алынған, электрондық нысандағы мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету нәтижелерінің міндетті деректемелерін, сондай-ақ олардың дәйектілігін тексеру тәртібін әзірлеу;

6) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметінің қағидаларын әзірлеу;

7) аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін әзірлеу;

8) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы көрсететін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын әзірлеу;

8-1) монополияға қарсы органмен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеуді қамтамасыз ету;

8-2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 153-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген іздестіру жұмыстарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызметін жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды, оның ішінде жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттең-қарау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органмен және оның ішінде жеделдетілген тәртіппен монополияға қарсы органмен келісу бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ғимараттарды, құрылыштарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттең-қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-4) монополияға қарсы органмен және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу органдарымен (тіркеуші органдар) келісу бойынша міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінен үзінді көшірме беру түрінде ақпараттық қызмет көрсету, өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-5) денсаулық сактау саласындағы уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-6) монополияға қарсы органмен және халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, қордың қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы көрсететін қызметтердің бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-7) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша зейнетақымен қамсыздандыру саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік

корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-8) монополияға қарсы органмен және бюджетке төленетін салықтар мен төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша бірыңғай жиынтық төлем шенберінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағаларын белгілеуді қамтамасыз ету;

8-9) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтерін көрсетуге ақы төлеу мөлшерін айқындауды қамтамасыз ету;

8-10) мемлекеттік монополия және арнайы құқық субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеуді қамтамасыз ету;

9) өтініш беруші туралы ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіру тәртібін және мерзімдерді әзірлеу;

10) Бірыңғай байланыс орталығы қызметінің қағидаларын әзірлеу;

10-1) "111" байланыс орталығы қызметінің және оның орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын әзірлеу;

10-2) "111" байланыс орталығының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

10-3) әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ұлгілік талаптарды әзірлеу;

10-4) әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ұлгілік талаптарды орындау бойынша жұмысты үйлестіру;

11) проактивті қызметтер көрсету тәртібін әзірлеу;

12) азаматтардың дербес деректеріне қолжетімділігі бар, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету процесіне қатысадын Мемлекеттік корпорация қызметкерлерін тексеру қағидаларын әзірлеу;

13) Бірыңғай байланыс орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді берушілермен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу;

14) автоматтандыруға жататын және жатпайтын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен бірлескен бұйрық әзірлеу;

15) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

15-1) өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі түрғысынан тексеру және рұқсат беру не уәжді бас тарту рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде өтініш берушіні тексерудің және рұқсат берудің автоматты режимінде жүзеге асырылатын рұқсаттар тізбесін әзірлеу;

16) мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің қызметін үйлестіру;

17) электрондық түрде және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

18) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметін тексеруді жүзеге асыру;

19) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу;

20) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін үйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыру;

21) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін және олардың көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылын үйлестіру;

22) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

23) Бірыңғай байланыс орталығының жұмысын үйымдастыру және үйлестіру;

24) электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу;

24-1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру процестерін бағалауды жүзеге асыру;

25) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу;

26) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін әзірлеуді және жүргізуді жүзеге асыру;

26-1) жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау және оларды мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне енгізу тәртібін әзірлеу;

27) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуді жүзеге асыру;

28) мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша орталық мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізу;

29) орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтерді көрсетеу мәселелері жөніндегі қызметі есебін қалыптастыру тәртібін, ұсыну мерзімдері мен үлгілік нысандарын әзірлеу;

30) мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

31) мемлекеттік ақпараттандыру объектілерінің интеграциясы мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

32) мемлекеттік ақпараттандыру объектілерінде қамтылған азаматтар мен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді түзету қағидаларын әзірлеу;

32-1) Ұлттық пошта операторының ауылдық елдімекендерде көрсететін мемлекеттік қызметтері бойынша шығындарды өтеу қағидаларын әзірлеу;

32-2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және өндеу бойынша ақпараттық жүйені сүйемелдеуді үйымдастыру;

32-3) мемлекеттік қызметтер көрсетеу мониторингі ақпараттық жүйесінің ақпараттық жүйелермен ақпараттық өзара іс-қимылы қағидаларын әзірлеу;

32-4) қызмет көрсетушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу қағидаларын әзірлеу;

32-5) үлгілік әріптестік келісімді әзірлеу;

32-6) әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу қағидаларын әзірлеу;

32-7) әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеуді жүргізу;

32-8) әріптестік үйымдар мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдауды және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беруді жүзеге асыра алатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізілімінен іріктеуді жүзеге асыру;

32-9) мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды әзірлеу;

33) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 30.06.2023 № 222/НҚ; 10.12.2024 № 784/НҚ бүйрықтарымен.

3-тaraу. Комитеттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның төрағасының мэртебесі және өкілеттіктері

16. Комитетті басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты Комитет төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) өз құзыretі шегінде бүйрықтар шығарады;

2) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитет атынан өкілдік етеді;

3) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, Комитет қызметкерлерін лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

4) Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу оларға, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, көтермелейу, үстеме ақылар төлеу және сыйлықа беру мәселелерін шешеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, Комитет қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

6) Комитетте сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және бұл үшін дербес жауапты болады;

7) өз құзыretіне жататын өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тaraу. Комитеттің мұлқі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болуы мүмкін.

Комитеттің мұлқі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитет өзіне бекітіліп берілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК